

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 12-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№115 бұйрығына 452-қосымша

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған
негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін
«Ым-ишараттық сөйлеу тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Ым-ишараттық сөйлеу тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Ым-ишараттық сөйлеу тілі» пәнінің мақсаты - ауызекі байланыста қиындықтар туындағанда, есту бұзылысы бар адам қоғамда еркін қарым-қатынас жасау үшін 5-10 сыныптың естімейтін білім алушыларында ым-ишараттық сөйлеу тілін қалыптастыру.

3. «Ым-ишараттық сөйлеу тілі» пәнінің міндеттері:

1) ым-ишара және ауызекі тыңдалған немесе оқылған мәтін түрінде, әңгімелесудің негізгі мазмұнын жеткізуге және түсінуге үйрету;

2) ым-ишара тілінде айтушының көзқарасымен қалай ұсынылғандығына қорытынды жасау, анықтауға үйрету;

3) ым-ишараттық сөйлеу тілінің нормасын сақтай отырып, пікірталас тақырыптарын түсінуге және оны талқылауға қатысуға үйрету;

4) ым-ишараттық сөйлеу тілі көмегімен эмоция және өз ойымен бөлісу, тыңдағанын және оқығанын пайымдау біліктілігін дамыту;

5) ым-ишара көмегімен логикалық кезектілікті сақтай отырып, өз көзқарасын дәлелдеуге үйрету;

6) ым-ишара түрінде қарым-қатынас орнату және берілген тақырыпқа сай өз ойын логикалық дәлелдеу, байланысты өздігінен құрастыру;

7) ауызекі және ым-ишараттық сөйлеу тілі көмегімен сөйлеу тілі қарым-қатынасының түрлі тәсілдерін пайдалана отырып, диалогқа қатысу.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Естімейтіндердің қатарына табиғи жолмен дамиды ауызша сөйлеу тілі мүмкін болмайтын туылғаннан немесе кейіннен пайда болған естімеушілік, естудің тұрақты екіжақты бұзылысы бар балалар; арнайы жүйелі психологиялық-педагогикалық көмексіз олардың ары қарайғы психофизиологиялық дамуы өзінше ерекшеленеді, соның салдарынан әлеуметтік бейімделу айтарлықтай шектеледі.

5. Естімейтіндерді ым-ишараттық сөйлеу тіліне оқыту тұжырымдамасы мына әдістемелік негізден тұрады:

1) тіл мен сөйлеу тілінің бірлігі;

2) есту депривациясы бар тұлғалардың эмоционалды-танымдық дамуында ым-ишара сөйлеу тілінің маңызы;

3) сенсорлы қалыпты және естуі бұзылған балалардың ауызша және ым-ишараттық сөйлеу тілін меңгерудің жалпы лингвистикалық заңдылықтары;

4) құрылымдық лингвистика жағынан Ым-ишараттық сөйлеу тілін талдау қағидасы;

5) ым-ишара сөйлеу тілінде жай және күрделі пайымдаулардың ерекшелігі.

6. Ым-ишара, коммуникация дағдыларын толыққанды меңгеру үшін келесі оқу жағдайлары ұйымдастырылады:

1) білім алушылардың тұлға болып қалыптасып, дамуына және сапалы білім алуына мүмкіндік беретін, әлеуметтік тәжірибесін кеңейтіп, естуі қалыпты ересектер мен құрдастарының арасында өзара қарым-қатынаста іскерлік және эмоционалды жайлы атмосфера орнату;

2) коммуникативті аймақты кеңейту мақсатымен білімді ұйымдастыру шектен шығатын білім кеңістігінің біртіндеп өсуі;

3) әртүрлі қолжетімді қызмет түрлеріне қатысуға жұмылдыру, қарым-қатынас процесінде белсенділікке, естімейтін білім алушылардың ынтасын дамытуға жағдай жасау;

4) жетістікті бағалау және оқытуды ұйымдастыруда оқу материалдарын меңгеру, ақпаратты ым-ишара түрінде өңдеу және қабылдау ерекшелігін тіркеу;

5) білім алушылардың әлеуметтік мәдени ортасын және оның түсінігінің фрагменттік, бірмағыналығын, ситуативтілігін еңсеру;

6) естімейтін білім алушылардың ұғынуына, бақылау, әрекет, таңданудан тұратын жеке өмірлік тәжірибенің жанамалығына арнайы көмек;

7) көңіл-күй, мотив, жағдай, адамдар арасындағы өзара байланысты түсінуді дамытатын арнайы көмек;

8) белгілі мәнмәтінде барлық коммуникативті жағдайларда ым-ишараттық сөйлеу тілін білім алушылардың қолдану біліктілігін дамыту, ым-ишараттық сөйлеу тілін жүйелі және мақсатқа бағдарлап оқыту;

9) қарым-қатынас процесінде ым-ишараттық сөйлеу тілі құралдарын және қажет болған жағдайда дактилологияны қолдану;

10) білім алушылардың өзіндік танымдық, әлеуметтік мәдени және коммуникативті қажеттіліктерді жүзеге асыру мақсатында вербальды және вербальсыз құралдарды қолдану.

7. Естімейтін білім алушылардың ым-ишара сөйлеу тілінің дамуы сурдопедагогиканың мына дидактикалық қағидаларына негізделеді:

1) білімнің жеке бағдарлық тұжырымдамасына өтуді білдіретін оқытудың ізгілендіру қағидасы;

2) білімнің түрлі қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған мектепке сәйкес естімейтін білім алушылардың жеке ерекшелігін дамытуға және білім деңгейіне бейімдеу қағидасы; көру қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген, есту қабілеті бұзылған білім алушыларға түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану;

3) оқытуды жекешелендіру және саралау қағидасы естімейтін білім алушылардың ата-аналарымен бірге өзіне оңтайды оқу жолын таңдауға мүмкіндік береді;

4) оқытудың ауызша құралдары және көрнекілік қағидасы жинақтау мақсатында бақылауды ұйымдастыруға, қорытындыны, жаңа түсініктерді қалыптастыру негізінде сезімтал бейнені жалпылау және жүйелеу, оқу-тәрбие процесінің ережелеріне сай бағытталған;

5) естімейтін білім алушылардың жеке тұлғалық дамуына жол ашатын, ауызша рәсімдеу ақпаратын қабылдауға мүмкіндік беретін ана тілі мен ғылым негізін меңгеру қағидасы;

6) естімейтін білім алушының өзіне айтылған сөйлеу тілін еркін түсінуге және қоршаған адамдарға түсінікті етіп сөйлеу біліктілігін жеткілікті дамытуға ауызша сөйлеу тілімен бірге естіп қабылдауды дамытуды қарқындату қағидасы;

7) сөйлеу тілі қарым-қатынасын белсендіру қағидасы естімейтін білім алушылардың біріккен қызметін ұйымдастыруға психологиялық-педагогикалық тәсілдерді жүзеге асырудың қажеттілігін ескереді және ауызша сөйлеу тілі негізінде қарым-қатынас қажеттілігін шақыратын жағдайларды үлгілеуді болжайды. Білім алушыларды қарым-қатынастың түрлі тәсілдерін қалыптастырып арнайы оқыту оқу-тәрбиелік жұмыстың әлеуметтік жүріс-тұрысы түрінде жүзеге асырылады;

8) әрекеттік ықпал қағидасы әрекет білімді қалыптастыру процесі ретінде қарастырылатын, естімейтін білім алушылардың тұлғасын қалыптастыруға түзете-дамытушылық бағыттылықты қамтамасыз ететін естімейтін білім алушыларды заманауи оқыту жүйесіне бағытталған негізді құрайды.

8. Ым-ишараттық сөйлеу тілімен жұмыс процесі есту қабілеті бұзылған білім алушылардың сөйлеу тіліне оқытудың келесі қағидаларына негізделеді:

1) коммуникативті бағыттылықты қамтамасыз ету, сабақта немесе сабақтан тыс тәжірибелік әрекет түрлерімен, танымдық, ойынмен байланысты сөйлеу тілі тәжірибесінің кеңеюі үшін жағдай жасау;

2) ым-ишара лексикасын, фразаларын түсінуді қамтамасыз ету және оны өзінің белсенді сөйлеу тілінде қолдануға біртіндеп өту;

3) қарым-қатынастың күрделі түрлерін (сипаттау, баяндау, талқылау, түсіндіру) меңгеру үшін алдымен қарым-қатынастың қозғаушы түріне оқыту;

4) ситуативті сөйлеу тілін әлдеқайда дерексіз және күрделі (көрнекілікке емес, керісінше сөйлеу тілі материалдарын меңгеруге сүйенетін) мәнмәтін түріне өтуді қолдану;

5) ым-ишараттық сөйлеу тілін қолдану арқылы сөйлеу тілі дағдыларын өңдеудің кезектілігі;

б) ым-ишараттық сөйлеу тілі көмегімен ойын және сезімін өздігінен білдіруді максимальды белсендіру.

9. Ым-ишараттық сөйлеу тіліне оқыту процесінде естімейтіндер бір-бірімен калькалаушы ым-ишараттық сөйлеу тілі және ұлттық Ым-ишараттықсөйлеу тілі құралы деп аталатын екі сөйлеу тілі жүйесін қолдану қажеттілігін көздейді.

10. Калькалаушы ым-ишараттық сөйлеу тілі (бұдан әрі - ҚЫИСТ) – айтушының ауызша сөйлеу тілін ым-ишарат сүйемелдейтін қарым-қатынас жүйесі. Естімейтіндер көп жағдайда сөзді дауыссыз айтады. ҚЫИСТ ым-ишараты сөздің баламасы ретінде, ал оның кезектілігі жай сөйлемде сөздердің орнына сәйкестендіріледі. Лексикада ҚЫИСТ ым-ишараты негізгі екі топқа бөлінеді: қазақша ым-ишараттық сөйлеу тіліне кіретін; тек ҚЫИСТ қатысты ым-ишарат (дактильді әліппе көмегімен айтылатын – дактильді сөздер; бірнеше дактиль мен ым-ишараттан тұратын лексема).

11. ҚЫИСТ жүзеге асыру білім алушылардың қазақ тілді меңгеру деңгейін жоғарылату негізінде мүмкін болады. Білім алушылардың ауызша сөйлеу тілін дамыту міндеті сабақта және сабақтан тыс шараларда іске асырылады.

12. ҚЫИСТ дамытудың негізгі міндеті – сөздік қорды кеңейту, сыныптан тыс шараларда (ым-ишараттық сөйлеу тілі үйірмесі), ым-ишараттық сөйлеу тілі сабағында түсіну және оны білдіру құралдарын белгілі ортада қалыптастыру.

13. Қазақшаым-ишараттық сөйлеу тілі–қазақша ым-ишараттық сөйлеу тілі құралдарының көмегімен жүзеге асырылатын қарым-қатынас құралы ҚЫИСТ – өзіндік лексика мен грамматикаға ие ерекше лингвистикалық жүйе.

14. ҚЫИСТ және ҚЫИСТ қарым-қатынаста әрқайсысының өз қызметі бар естіметін білім алушылармен түрлі жағдайда меңгеріледі. Бастапқыда естімейтін бала ҚЫИСТ меңгеріп және оны қарым-қатынаста кеңінен қолдана бастайды; қазақ тілін оқи келе ол ҚЫИСТ көшеді. Негізгі ым-ишара ҚЫИСТ келеді және ҚЫИСТ өте үлкен және тұрақты лексикалық классты құрайды.

15. «Ым-ишараттық сөйлеу тілі» сабақтарын құрудың негізгі қағидасы – тақырыптық. Жылдық оқу материалы Бағдарламада көрсетілген жеке тақырып түрінде жоспарланады. Тақырыптарды қазақ тілі, әдебиеті сабақтарының тақырыптық мазмұнымен байланысты, уақытқа байланысты немесе еркін түрде бөлуге болады.

16. Ым-ишараттық сөйлеу тілі сабағының үлгісі дәстүрлі, ақпараттық, көрнекілік, тәжірибелік тәсілдерді кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

17. Сабақтың ортасы грамматикалық тақырып, ым-ишараттық сөйлеу тілінде (пайымдауды түсіну және нәтижесі) жалпы пайымдау тәсілі болып табылады. Білім алушылар жазбаша және ауызша сөйлеу тіліндегі қателерді азайтатын ауызша сөйлеу тілі заңдылықтарын меңгеріп, ауызша сөйлеу тілі мен Ым-ишараттық сөйлеу тілі арасындағы ұқсастықтарды салыстырады.

18. «Ым-ишараттық сөйлеу тілі» сабақтарында қолданылатын жаттығулардың коммуникативті артықшылығы болу. Сондықтан да оны тек жай тақырыптық емес, ситуативті-тақырып негізінде құрастыру.

19. Сөйлеу тілі ым-ишарасын айқын, нақты білдіру керек, содан соң түрлі фразаларда, әңгімелесуде әр тақырыптың аяғында қолдану меңгеру.

20. Ым-ишараттық сөйлеу тілін меңгеру жұмысының түрлері: сөйлеу тілі ым-ишарасын білу және көрсету, әңгімелесу, берілген тақырып бойынша әңгімелеу, ауызша сөйлеу тілін ым-ишараттық сөйлеу тіліне алмастыру, ым-ишараттық сөйлеу тілін ауызша сөйлеу тіліне алмастыру, жеке тапсырмалар, жобалар, пікір алмасу.

21. Оқу материалы білім алушылардың жеке мүмкіндігіне сай құрастырылады: сөйлеу тілі дағдылары, көріп есте сақтаудың дамуы, қол саусақтарының икемділігі. Жаңа материалға өткен тақырыпты толықтай меңгерген соң ғана өту, ауызекі-тұрмыстық сөйлеу тілінде таныс ым-ишараттарды үнемі қайталау және бекіту.

22. Ым-ишара көріп қабылданады, сондықтан ым-ишараттық сөйлеу тіліне оқытуда көрнекілік қағидасын белсенді қолдану маңызды. Оқытудың көрнекілік сипаты сөздік материалдарлы қабылдауды, есте сақтауды қамтамасыз етеді.

23. Қорытынды бақылау жылдың төртінші тоқсанының соңында жүргізіледі. Педагогпен білім алушылардың жетістігі еркін картада бекітілген, оқу жылында бақыланған сыныптағы әр білім алушының жетістігі мен даму динамикасы талданады.

24. Бағалау шарасымен алынған мәліметтер, дағды мен біліктілікті меңгеру процесінде болған қиындықтарды уақытында шешуге мүмкіндік береді. Педагог естімейтін білім алушыларға жеке көмек көрсету тәсілдері мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік алады.

25. Сипаттама бағалау даму деңгейін анықтап қана қоймай, білім алушымен әріқарай жұмысты көздейді.

26. Одан бөлек, педагог коммуникативті біліктіліктің даму деңгейін бағалайды:

1) жоғарғы деңгей ым-ишараттық сөйлеу тілі арқылы қоршаған адамдармен белсенді қарым-қатынасқа түсумен сипатталады; ым-ишараттық сөйлеу тілінен ауызша сөйлеу тіліне жеңіл өтеді;

2) орташа деңгей ым-ишара көмегімен қарым-қатынастың жеткіліксіздігімен, қарым-қатынастың вербальді емес құралдарын қолданудың шектеулігімен сипатталады;

3) төменгі деңгей ым-ишара түрінде қарым-қатынасқа түсуге деген қызығушылықтың жоқтығымен сипатталады.

27. Ым-ишараттық сөйлеу тілін дұрыс қолдану үшін естімейтін білім алушыларды ынталандыру үшін сөйлеу тілі ортасын ұйымдастыру. Оқу процесінде және естімейтін білім алушылармен сабақта және мектептен тыс қарым-қатынаста ым-ишараттық сөйлеу тілін ұтымды қолдану. Ым-ишара ауызша сөйлеу тілінің баламасы ретінде қаралмау керек; оны қарым-қатынас жасаудың көмекші құралы ретінде және ауызша сөйлеу тілін меңгеруде қолдану.

28. Оқытушының ым-ишараттық сөйлеу тілі мәдениетті, эстетикалық, сауатты, эмоционалды бай және айқын болады.

29. Сабақта ым-ишара қолдану ережелері:

1) ым-ишара анық, нақты және аяқталған болуы шарт;

2) ым-ишара көлемі мақсатқа сай қолданылады;

3) ым-ишараны қолды белден жоғары ұстап қолдану,

4) шынтақты денеден 3 см. алшақ ұстау;

5) екі қолмен де ым-ишарат жасау;

б) мұғалім өзінің ым-ишарасын бақылап және өз қимылын білім алушылардың көзқарасымен көріп, өзінде вербальсыз рефлексияны дамытады.

30. Ым-ишараттық сөйлеу тілі оқу және түзетушілік пәндерінің кіріктірілуі арқылы жүзеге асырылады: «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі және әдебиеті», «Өзін-өзі тану», «Естіп қабылдауды дамыту және ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру», «Ауызекі-тұрмыстық сөйлеу тілі».

3-тарау. «Ым-ишараттық сөйлеу тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

31. «Ым-ишараттық сөйлеу тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

6) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

32. «Ым-ишараттық сөйлеу тілі» пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Қарым-қатынастың вербальді емес құралы»;

2) 2-бөлім «Ым-ишараттық сөйлеу тілі көмегімен қарым-қатынас тәжірибесі».

33. «Қарым-қатынастың вербальді емес құралы» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ым-ишараттық сөйлеу тілінің ерекшеліктері;
- 2) дактильді сөйлеу тілі;
- 3) сөздік жұмыс.

34. «Ым-ишараттық сөйлеу тілі көмегімен қарым-қатынас тәжірибесі» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ым-ишараттық сөйлеу тілін түсіну;
- 2) диалогқа қатысу.

35. Оқу тақырыптары: «Мен және менің отбасым», «Мамандық», «Техника», «Адамның денсаулығы», «Естімейтіндердің әлемі», «Бала коммуникация», «Спорт», «Әдеп», «Қауіпсіз өмір ережелері», «Менің елім Қазақстан», ұлттық сана «Мәңгілік ел», «Қазақстанның астанасы - Астана», «Туған өлкем», «Адам және қоғам өміріндегі еңбек», «Жер», «Жыл мезгілдері», «Уақыт», «Тірі табиғат», «Өсімдіктер», «Саңырауқұлақ», «Жануарлар», «Мемлекет және құрлық», «Экологиялық мәдениет», «Жансыз табиғат», «Ақпараттық технология», «Компьютерлік жүйе», «Өнер», «Құрылыс», «Әдебиет», «Бұқаралық ақпарат құралы», «Заманауи әлем жастары», «Математика».

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

36. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен ұсынылған. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші мен үшінші сандар – бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4 кодындағы «6» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқыту мақсатының реттік нөмірі.

37. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

- 1) 1-бөлім «Қарым-қатынастың вербальсіз құралы»:
1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Ым-ишараттық сөйлеу тілінің ерекшеліктері	5.1.1.1 естімейтіндердің өмірінде ауызша және ым-ишараттық сөйлеу тілінің	6.1.1.1 ым-ишараттық сөйлеу тілінің шығу тарихын білу	7.1.1.1 мәнмәтіне орай ым-ишара нұсқасын ажырату	8.1.1.1 мәнмәтінге байланысты (кеңістік жағдайы, әрекет тәсілі)	9.1.1.1 әр мемлекетте ым-ишараттық сөйлеу тілін қолданудың	10.1.1.1 естімейтіндердің өмірлік әрекетінде орын алатын халықаралық және

	<p>мағынасын түсіну 5.1.1.2 ауызша және ым-ишараттық сөйлеу тілінің айырмашылығын білу 5.1.1.3 ҚЫИСТ ерекшеліктерін білу 5.1.1.4 ҚЫИСТ ерекшеліктерін білу 5.1.1.5 ым-ишара құрылымын (бағытын, орындалу орнын) білу 5.1.1.6 ым - ишара белгілерінің өзгеруіне құрылымдық элементтердің маңызын түсіну 5.1.1.7</p>	<p>ым-ишара құрылымын білу (бағытын, орындалу орнын, қимыл сипатын, түр сипатымен артикуляция) 6.1.1.3 ҚЫИСТ грамматикасының элементтерін білу 6.1.1.4 ҚЫИСТ және ҚЫИСТ түрінде хабар жеткізудің айырмашылықтарын талдау 6.1.1.5 заттардың белгілеріне және атауларына ым-ишараттық сөйлеу тілінің маңызын</p>	<p>жағдаятпен ым-ишара элементтерінің құрылымдық байланысын білу 7.1.1.3 ым-ишара көмегімен қарым-қатынас процесінде мимиканың рөлін түсіну 7.1.1.4 қол мен дененің экспрессивті қимылдарын орындау және бақылау 7.1.1.5 белгілі материалда ауызша және ым-ишара сөйлемдерін салысты</p>	<p>ым-ишара өзгеріп отыратынын білу 8.1.1.2 субъективті-объективті қарым-қатынасқа, уақытқа, күшіне, жылдамдығына қарай орындаудың тәуелділігін білу 8.1.1.3 ауызша-ым-ишара аударма және тура-кері тәсілдерді меңгеру мақсатында ауызша және ым-ишараттық сөйлеу тілі көмегімен ақпарат беруді салыстыру 8.1.1.4</p>	<p>тәжірибесін білу 9.1.1.2 ым-ишараттық сөйлеу тілі жазу жүйесін (белгі, кодтама ережесін) білу 9.1.1.3 ауызша сөйлеу тіліне омоним болатын ым-ишарауқсастығын табу 9.1.1.4 кітап, газет, өлең, мәтіннен алынған түрлі жағдайларда пәннің мағынасын үшін ым-ишара қолдану 9.1.1.5 ым-ишара қарым-қатынасының Халықара</p>	<p>республикалық заңдарды білу 10.1.1.2 ым-ишараттық сөйлеу тілін жазбаша түрде кодпен жазуды білу 10.1.1.3 жазбаша сөйлеу тілінде ым-ишараттық сөйлеу тілін кодсыздандыруды білу 10.1.1.4 қазақша фразеологизмдерге ым-ишара баламаларын таңдау 10.1.1.5 түрлі мәнмәтінде лексикалық бірлікті қосу 10.1.1.6</p>
--	--	--	--	---	--	--

	ым-ишара мағынасының жылдамдығына тәуелді екенін түсіну 5.1.1.8 ым-ишараны нәртүрлілігін (көрсеткіш, ырғақты, еліктеме) ажырату 5.1.1.9 бір және екі қолмен берілетін ым-ишараны ажырату 5.1.1.10 қарым-қатынастың әртүрінде ым-ишараттық сөйлеу тілінің ерекшеліктерін ажырату 5.1.1.11 пайымдауларда ым-ишараны қолдану	білу 6.1.1.6 жағдаймен ым-ишара элементтерінің құрылым сапасының байланысын білу 6.1.1.7 ым-ишара және сөздің құрылымын талдау 6.1.1.8 ым-ишара өлеңдерімен әндерін орындау 6.1.1.9 ым-ишараттық сөйлеу тілінің грамматикалық элементтерінің білу 6.1.1.10 ҚЫИСТ лексикасының құрылымын білу 6.1.1.11	ру 7.1.1.6 мәнмәтінде ым-ишара компонентінің өзгерістерін анықтау 7.1.1.7 сурдоаудармамен телебағдарламаларды талдау және көру 7.1.1.8 ым-ишараттық сөйлеу тілі және сөздікті қолдану 7.1.1.9 ҚЫИСТ ым-ишаракомпоненттерінің еркін ажырату 7.1.1.10 естімейтіндердің коммуникациялық	сурдоаудармашы мамандығы жөнінде білу	лық жүйесі жөнінде білу 9.1.1.6 ым-ишараттық сөйлеу тілінде баяндама мен шығу 9.1.1.7 ұлттық ым-ишараттық сөйлеу тілі жөнінде түсінік қалыптастыру 9.1.1.8 ым-ишараттық сөйлеу тілін оқуды видеосабақтарды өздігінен 9.1.1.9 локальды ым-ишара жүйесі жөнінде білу (отбасы, аудан, қала, субмәдениет)	диалогтық және монологтық пайымдауларды шығармашылық құрамдастыру 10.1.1.7 қазақша ым-ишараттық сөйлеу тілі диалектісі жөнінде түсінік қалыптастыру 10.1.1.8 ым-ишара көркем аударма ерекшеліктері жөнінде түсінік қалыптастыру 10.1.1.9 екітілділік (билингвизм) ауызша ым-ишараттық сөйлеу тілін түсіну
--	---	---	---	---------------------------------------	---	--

	кезектілігін білу 5.1.1.12 ым-ишара үйлесімділігін білу	вербальді емес қарым-қатынас тәсілдерін (мимика, қарым-қатынас ара-қашықтығы, интонация, өзара байланыс) білу	қызметінде ҚЫИСТ және ҚЫИСТ ауызша қызметін білу			10.1.1.10 кәсіби ым-ишара жөнінде (дирижер, биржашы) түсінік қалыптастыру 10.1.1.11 әртүрлі мемлекеттерде ым-ишараның юристтік беделін білу
1.2 Дактильді сөйлеу тілі	5.1.2.1 дактильдеу ережесін білу 5.1.2.2 әңгімелесушінің қолынан дактильдеуді оқу 5.1.2.3 дактильді сөйлеу тілінің маңызын және мағынасын түсіну 5.1.2.4 түрлі қарым-	6.1.2.1 дактильді сөйлеу тілінің шығу тарихын білу 6.1.2.2 өзіндік дактильдеудің үйлесімділігін, анықтылығын бақылау 6.1.2.3 дактильдеуде орфографиялық қағидаларға сүйене	7.1.2.1 дактильді жүйенің жіктелуін білу 7.1.2.2 бастапқы әріптер және сөздердің үйлесімдігін дактильдеу ережесін сақтау 7.1.2.3 дактильдеу техника	8.1.2.1 қарым-қатынас процесінде ауызша, дактильді байланыстың шегін ескеру 8.1.2.2 құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасында, күрделі сөйлеу тілі		

	<p>қатынас, оқу жағдайын да дактильді сөйлеу тілі қызметін білу 5.1.2.5 әңгімелесушінің дактильдеу қателерін айту 5.1.2.6 өзіндік дактильд еудіңаны қтылығы н, нақтылығын бақылау 5.1.2.7 ҚЫИСТ қолдану барысында дактильд еу ережесін білу</p>	<p>отырып, ауызша сөйлеу тілінің нормасын сақтау 6.1.2.4 оқытушы тағайындаған тапсырмаларды қабылдау да сөйлеу тілі материал дарын ауызша-ым-ишараме н айту 6.1.2.5 жазылғанды тексеру және мәтінді алғаш оқудағы сөйлеу тілі материалын ауызша-дактильді айту</p>	<p>сын өзіндік өңдеу бойынша тапсырмаларды орындау 7.1.2.4 барлық дактилемаларды анық, нақты, жылдам, ауызша сөйлеу тіліне сәйкес орындау 7.1.2.5 сөйлеу тілінің кері материалын қолдануда дактильдеуді түсіру 7.1.2.6 дактильдеудің ережелерін сақтау: нақтылық, жылдамдық, әңгімелеумен</p>	<p>материалын меңгерудегі қиындықтарда дактильді сөйлеу тілін қолдану 8.1.2.3 күрделі қысқарған сөздерді айту мен дактильд еу ережелерін сақтау 8.1.2.4 халықаралық дактильді әліппені білу 8.1.2.5 кеңістікті қарым-қатынасты өзгертетін ым-ишараны білу 8.1.2.6 қарым-қатынасты пайымдау тәсілдері</p>		
--	---	--	---	--	--	--

			арасындағы қашықтық	н білу 8.1.2.7 морфологиялық мағыналарды беру тәсілдері н білу 8.1.2.8 ҚЫИСТ синтасистік бірлігінің құрылу ерекшелігін білу 8.1.2.9 ҚЫИСТ синтаксистік бірлігін құру ерекшелігін білу		
1.3 Сөздік жұмыс	5.1.3.1 адамдармен қарым-қатынаста қолданатын ым-ишалардың ажыратуы (жас ерекшелігі, жынысы, отбасылық жағдай, мамандығы) 5.1.3.2	6.1.3.1 «Қауіпсіздік ережелері» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 6.1.3.2 кеңістіктік заттарды білу үшін ым-ишаралар қимылдар	7.1.3.1 «Уақыт», «Жыл мезгілдері» тақырыптарында мәнмәтіннің деым-ишарасын білу 7.1.3.2 «Өсімдіктер», «Саңырауқұлақ», «Жануарлар» тақырыбы	8.1.3.1 «Өнер» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 8.1.3.2 «Мұражайда» «Көрмеде» жағдайларын бейнелеу 8.1.3.3 «Жер» тақырыбы	9.1.3.1 «Техника» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 9.1.3.2 «Бұқаралық ақпарат құралдары» тақырыбындағы мәнмәтін деым-	10.1.3.1 «Естімейтіндер әлемі» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 10.1.3.2 «Ақпараттық технология» тақырыбындағы мәнмәтін

	«Мен және менің отбасым» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 5.1.3.3 «Қонақ», «Туған күн» жағдайларын бейнелеу 5.1.3.4 «Адам денсаулығы» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 5.1.3.5 «Баламалы қарым-қатынасы» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 5.1.3.6 «Қазақстан менің -	ын білу 6.1.3.3 «Қазақстанның астанасы - Астана» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 6.1.3.4 «Тірі табиғат» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 6.1.3.5 «Спорт» тақырыбындағы объективті мәнмәтін деым-ишараны білу 6.1.3.6 «Стадионда» тақырыбында жағдаяттарды құрастыру 6.1.3.7 объективті қарым-	ындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 7.1.3.3 «Әдеп» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 7.1.3.4 «Өнер» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 7.1.3.5 «Адам және қоғам өміріндегі еңбек тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 7.1.3.6 Кеміту мен талап қарым-қатынасында мағына беру тәсілдер	ындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 8.1.3.4 «Жансыз табиғат» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 8.1.3.5 «Туған өлке» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 8.1.3.6 «Ежелгі дүние тарихы» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 8.1.3.7 түсініктерді жалпылайтын ым-ишара баламаларының тәсілдері	ишараны білу 9.1.3.3 «Экологиялық мәдениет» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 9.1.3.4 «Мемлекет және құрлық» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 9.1.3.5 себеп-салдар қарым-қатынасын білдіретін ым-ишараны білу 9.1.3.6 мақсатты тәуелділік мағынасын білдіретін ым-ишараны	деым-ишараны білу 10.1.3.3 «Әдебиет» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 10.1.3.4 «Заманауи әлем жастары» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 10.1.3.5 «Мәңгілік Ел» тақырыбындағы ұлттық идея мәнмәтін деым-ишараны білу 10.1.3.6 Көпмағыналы сөздерге сәйкес ым-ишараны білу 10.1.3.7
--	--	---	--	--	--	--

	<p>Отаным» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 5.1.3.7 «Мамандық» тақырыбындағы мәнмәтін деым-ишараны білу 5.1.3.8 «Сыныпта», «Емханада», «Автобуста» жағдайлары бейнелеу 5.1.3.9 әлеуметтік эмоцияны білдіретін (ұялу, ренжу, махаббат) ым-ишараны білу 5.1.3.10 интеллектуалды эмоцияны</p>	<p>қатынаста мағына беру тәсілдерін білу 6.1.3.8 объективті әрекет көмегімен мағыналы құралдарды білу 6.1.3.9 көптік мағынаны білдіретін ым-ишараны білу 6.1.3.10 әрекет мағынасын білдіретін ым-ишараны білу 6.1.3.11 эмоция негіздерін (қорқыныш, өкпе, қуаныш) білдіретін ым-ишараны білу 6.1.3.12 пәндердің</p>	<p>ін білу 7.1.3.7 терістеуді білдіретін тәсілдерді ажырату әрекетті бағалау мағынасын білдіретін ым-ишараны білу 7.1.3.9 уақыттық байланысты (тәулік уақыты, жыл мезгілі) білдіретін ым-ишараны білу 7.1.3.10 кеңістіктік байланысты (әрекетке бағытталған, әрекет орнын) білдіретін</p>	<p>н білу 8.1.3.8 терістеуді білдіретін ым-ишараны білу (келіспеу, бас тарту, дәрменсіздік) 8.1.3.9 объектілік қарым-қатынастың мағынасын білдіретін ым-ишараттық сөйлеу тілінің баламасын білу 8.1.3.10 қажет жағдайда білдіретін ым-ишараны білу (ештеңе, ешқашан) 8.1.3.11 өткен материалда сөзім-ишараны білу</p>	<p>ажырату 9.1.3.7 мүмкіндік болмаған жағдайда білдіретін ым-ишараны білу 9.1.3.8 өлшем, баға, құнын білдіретін ым-ишараны қолдану</p>	<p>синоним, омоним, антонимге сәйкес ым-ишараны білу 10.1.3.8 ым-ишараттық сөйлеу тіліндегі сөз топтамаларын білу 10.1.3.9 кері талапты білдіретін ым-ишараны білу 10.1.3.10 жаңа сөздер ым-ишарасын білу</p>
--	--	---	---	---	--	---

білдіретін (таңдану, күдіктену, сенімділік) ым-ишарану білу 5.1.3.11 адамдардың эмоционалды мағыналық тәсілдерін білу 5.1.3.12 сұрақтарды білдіретін тәсілдерді білу	сапасын бағалау тәсілдерін ажырату 6.1.3.13 жабдықтағандың мағынасын беретін тәсілдерді ажырату	ым-ишараны білу 7.1.3.11 ым-ишара көмегімен сандық қарым-қатынасты білдіретін тәсілдерді білу	сөздің екіжақты байланысын жүзеге асыру		
--	---	---	---	--	--

2) «Ым-ишараттық сөйлеу тілі көмегімен қарым-қатынас тәжірибесі» бөлімі:

2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Ым-ишараттық сөйлеу тілін түсіну	5.2.1.1 сұрақтарға сүйене отырып, негізгі ойды және тақырыпты анықтау 5.2.1.2 ҚЫИСТ түрінде	6.2.1.1 басты ақпаратты анықтау отырып, диалогтың негізгі мазмұнын түсіну 6.2.1.2 түйін сөздерге	7.2.1.1 құрылымына сүйене отырып, негізгі ойды анықтау 7.2.1.2 негізгі және екіншілік	8.2.1.1 арнаулы аудитор және мәтіннің құрылымдық элементі негізінде негізгі ойды анықтау 8.2.1.2	9.2.1.1 естіген нәрсеге өзінің қарым-қатынасын білдіретін шағын тақырып негізгі ойды	10.2.1.1 сыни қарым-қатынасты білдіретін мәтіннің бөлшектері және негізгі ақпаратын түсіну 10.2.1.2

	<p>хабарламаны түсіну 5.2.1.3 КЫИСТ түрінде хабарламаны түсіну 5.2.1.4 ым-ишара түрінде жұмбақта р жасыру және шешу 5.2.1.5 негізгі эмоцияны түсіну (қорқыныш, ашу, қуаныш, уайым) 5.2.1.6 әлеуметтік эмоцияны түсіну (ұят, реніш, қызғаныш, тәкаппарлық)</p>	<p>сүйеніп, негізгі ойды анықтау 6.2.1.3 түйінді сөз тіркестеріне қарай негізгі ойды анықтау 6.2.1.4 өзінің пікірін айта отырып әңгімелесушінің ым-ишараттық сөйлеу тілін ұнайды, ұнамайды деген көзқараспен бағалау 6.2.1.5 көрсету жағдайын ажырату (қуанады, қуанышты, уайымдайды, көңілді)</p>	<p>ақпаратты шығарып, ақпараттық негізгі мазмұнын түсіну 7.2.1.3 тыңдалған материалды (мазмұны, құрылымы) бағалау 7.2.1.4 ым-ишараның көп мағыналылығын түсіну</p>	<p>таныс және таныс емес, негізгі және екіншілік ақпаратты шығаратын ақпараттық негізгі мағынасын түсіну 8.2.1.3 әңгімелесушінің ым-ишараттық сөйлеу тілін (мазмұны, назар аударатын құрал) бағалау</p>	<p>анықтау 9.2.1.2 пайымдау мақсатымен, ашық және жабық ақпаратты анықтай отырып, мәтін мазмұнын, пайымдаудың мақсаты мен ақпаратын түсіну 9.2.1.3 әңгімелесушінің ым-ишараттық сөйлеу тілін бағалау (ырғақтығы, арнаулы аудиторияға сәйкестігі) 9.2.1.4 әңгімелесушінің ым-ишараттық сөйлеу тілін түсіну</p>	<p>әңгімелесушінің ым-ишараттық сөйлеу тілін (мазмұны, құрылымы, нормативтілігі) бағалау</p>
--	---	--	--	---	---	--

					(құрылымы және мазмұндау логикасы)	
2.2 Диалогқа қатысу	5.2.2.1 қарым-қатынас процесінің процемм-ишара кеңістігін сақтау 5.2.2.2 ҚЫИСТ көмегімен хабарламаны жеткізу 5.2.2.3 сүйікті ойыны, жануарлары, тағамы жөнінде әңгімелесу 5.2.2.4 ҚЫИСТ көмегімен хабарламаны жеткізу 5.2.2.5 ым-ишара көмегімен сұрақ	6.2.2.1 ҚЫИСТ көмегімен сюжетті суреттерді сипаттау 6.2.2.2 ҚЫИСТ көмегімен сюжетті суреттерді сипаттау 6.2.2.3 өз өмірінен орын алған, таныс жағдайларды айту 6.2.2.4 қабылдағанына қарай эмоциясын білдіру 6.2.2.5 ҚЫИСТ жай сөйлем мен сөз тіркестер	7.2.2.1 ҚЫИСТ көмегімен сюжетті суреттердің сериясын сипаттау 7.2.2.2 ҚЫИСТ көмегімен сюжетті суреттер сериясын сипаттау 7.2.2.3 сезімін тұжырымдау және онымен бөлісу 7.2.2.4 қабылдағанын тұжырымдап немесе сұрақ қойып ым-ишара көмегімен	8.2.2.1 берілген тақырыпта (арнайы қарым-қатынас жағдайы талаптарында) диалогқа қатысу 8.2.2.2 белгілі жағдайларда мүмкіндігін көрсетіп диалог құру 8.2.2.3 ым-ишараттық сөйлеу тілі көмегімен нақтылау, ауызша сөйлеу тілі көмегімен әңгімеле	9.2.2.1 ым-ишараттық сөйлеу тілінің жақсы техникасын көрсету (кезектілігі, анықтылығы, нақтылығы) 9.2.2.2 жағдайға байланысты диалог жүргізу 9.2.2.3 ым-ишара көмегімен сұрақ қою арқылы таныс емес адамдардан ақпарат алу 9.2.2.4 сұрай білу: жағдайды	10.2.2.1 хабарламаның мазмұнын эмоционалды жеткізу 10.2.2.2 таныс емес жағдайда диалогқа қатысу (сұрақ қою, әңгімелесушіні қолдау, сұрастыру, сендіру) 10.2.2.3 жағдайға байланысты әртүрлі сұрақтарды пайдалану 10.2.2.4 бөтен адаммен қарым-қатынаста өзін

қойып және оған жауап беруді үйрену 5.2.2.6 өзіндік ым-ишара техникасын бақылау 5.2.2.7 берілген тақырып бойынша диалогқа қатысу (еркін қарым-қатынас жағдайында) 5.2.2.8 бірқолды, екіқолды ым-ишараны орындау 5.2.2.9 сілтеуші, икемді ым-ишараны қолдану 5.2.2.10 еліктеме, түсіндірмелі ым-ишараны қолдану 5.2.2.11 шартты	ін аудару 6.2.2.6 ҚЫИСТ жай сөйлем мен сөз тіркестерін аудару 6.2.2.7 ҚЫИСТ берілген тақырып бойынша мәтінді аудару (5-6 сөйлем) 6.2.2.8 отбасы, сынып, мектеп, қызығушылығы жөнінде әңгімелесу 6.2.2.9 уақытын, орнын анықтауға бағытталған сұрақтар қою 6.2.2.10 берілген тақырып бойынша диалогқа қатысу (таныс емес	н анықтау 7.2.2.5 берілген тақырыпта өз ойымен бөлісіп, диалогқа қатысу 7.2.2.6 ым-ишараттық сөйлеу тілінде хабарламаға қатысу 7.2.2.7 «Менің күнім», «Жол жүру ережесі» жағдайларын бейнелеу 7.2.2.8 теріс пікір қолдану арқылы диалог жүргізу 7.2.2.9 «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында диалог	сушіден ақпарат алу 8.2.2.4 сұрай білу: жағдайдың себебін және орнын анықтау 8.2.2.5 өз ойын білдіріп, мәселе бойынша диалогқа қатысу 8.2.2.6 ауызша және ым-ишараттық сөйлеу тілінде сұхбат жүргізу 8.2.2.7 өзінің елі, қаласы туралы айтып беру 8.2.2.8 жас ерекшелікті ескере отырып	ң себебін және орнын анықтау 9.2.2.5 ым-ишараттық сөйлеу тілі талаптарында: ым-ишара нақтылығы, орындау күші, қолдың жұмсақтығы, икемділігі, көзқарасы 9.2.2.6 пікірталасқа қатысып өз ойын білдіру, өзінің шешімін айтып, қорытынды шығару 9.2.2.7 логикалық ой қорытындысын жасау 9.2.2.8 мәтін,	еркін сезіну 10.2.2.5 пікірталасқа қатысу, мәселені шешуді көзқарасын таныту 10.2.2.6 анықтау үшін айтылғанды басқа сөзбен жеткізу 10.2.2.7 «Ақпараттық технология» тақырыбында диалог жүргізу 10.2.2.8 «Әдебиет» тақырыбында диалог жүргізу 10.2.2.9 «Заманауи әлем жастары» тақырыбында диалог жүргізу 10.2.2.10
--	--	--	--	--	--

<p>ым-ишараны қолдану 5.2.2.12 әңгімелесушінің сөйлеу тілін мұқият тыңдау, бөлмеу, сөйлеу тіліне аса эмоционалды тұрғыда сезінбеу, жан жағына қарамау 5.2.2.13 адамды, заттарды сипаттау</p>	<p>әңгімелесушімен қарым-қатынас жағдайында) 6.2.2.11 «тыңдаушы» позициясында «сөйлеушіге» ауысып отырып диалог-сұраққа қатысу 6.2.2.12 КЫИСТ берілген тақырып бойынша мәтінді аудару (5-6 сөйлем)</p>	<p>жүргізу 7.2.2.10 «Білім алушылардың құқығы мен міндеттері» тақырыбында диалог жүргізу 7.2.2.11 ым-ишараның эмоционалдылығын, анықтылығын көрсету 7.2.2.12 берілген тақырып бойынша диалогқа қатысу (таныс және таныс емес адамдармен қарым-қатынас жағдайында)</p>	<p>диалог-сұрауға қатысу 8.2.2.9 жауаптарын дәлелдеу 8.2.2.10 әрекеті мақсатын білдіретін диалог құру 8.2.2.11 эмоционалды ынталы жағдайларда диалогқа қатысу</p>	<p>диалогты ым-ишара тіліне аудару 9.2.2.9 ым-ишаратты қсөйлеу тілінен ауызша сөйлеу тіліне аудару 9.2.2.10 күрделі ұқсастықтарды құрау</p>	<p>«Мәңгілік ел» тақырыбында диалог жүргізу 10.2.2.11 радиобағдарлама, теледидар бағдарламаларын, телефонмен әңгімелесуді аудару</p>
--	--	---	---	---	--

38. Осы Бағдарлама есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Ым-ишараттық сөйлеу тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

39. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

